

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет мамандарының лауазымдық тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № А-7/312 қаулысы. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 31 тамызда № 1-11-162 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № а-4/158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 15.04.2015 № а-4/158 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 18, 238 баптарына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Есіл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 5/3 «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет мамандарының лауазымдық тізбесін анықтау туралы» шешімінің негізінде, Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет мамандарының лауазымдық тізбесі қосымшаға с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

2. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау Есіл ауданы әкімінің орынбасары **С.К.Ағымбаеваға** жүктелсін.

3. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі

Қ.Рахметов

Е с і л а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

2 3

ш і л д е д е г і

№ А-7/312 қаулысына қосымша

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет лауазымдық мамандар тізбесі

1. Білім беру мамандарының қызметтері:

- 1) мемлекеттік мекеменің, қазыналық кәсіпорынның басшысы және орынбасары;
- 2) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
- 3) тәрбиеші;
- 4) әдіскер;
- 5) музыкалық жетекші;
- 6) көркемдеу жетекші;
- 7) оқытушы - психолог;
- 8) бастаушы;
- 9) бастапқы әскери дайындау ұйымдастырушы-оқытушы;
- 10) кітапхана меңгерушісі;
- 11) кітапханашы;
- 12) медбике;
- 13) диеталық медбике;

2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының қызметтері:

- 1) әлеуметтік қызметкер;
- 2) әлеуметтік жұмыс бойынша маман қызметкер;

3. Мәдениет мамандарының қызметтері:

- 1) клуб жетекшісі;
 - 2) кітапханашы;
 - 3) аккомпаниатор;
- 4) хореограф.